

Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы №3

«Зейтін Ақышев атындағы жалпы
білім беретін орта мектеп» КММ

06.01.2020 жыл

Қатысқандар: 29 адам

1. Толеутаев Дүйсенбек Байронұлы-мектеп директоры.
2. Шомаков Абылайхан Серікбайұлы-мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
3. Абишева Ләззат Танырбергеновна- мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, хатшы.
4. Олжатай Гүльмира -кеңес төрайымы
5. Смагулов Толеген Ынтықбаевич-кеңес орынбасары
6. Ермеков Нұрсағат Рахметоллаұлы-кеңес мүшесі
7. Қайрат Ирина Михайловна-кеңес мүшесі
8. Жакупова Самал Кадетовна-кеңес мүшесі
9. Бакенов Тайжан Тұрғынұлы -кеңес мүшесі
10. Сембек Арман Иманғалиұлы-кеңес мүшесі
11. Сарбасов Ардақ Ғабдысаттарұлы -кеңес мүшесі
12. Жаминова Разия Жұмағалиевна –кеңес мүшесі
13. Әр сыныптың ата-аналар комитетінің төрайымдары

Күн тәртібінде:

1. «Қамқоршылық кеңесі» мүшелерінің атқарған жұмысының есебі

Қамқоршылық кеңесі» мүшелерінің атқарған жұмысының есебі

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы – Олжатай Г.О .

«Қамқоршылық кеңесі» құрамын ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік Ережелерінің» негізінде мектепте көрсетілген қайырымдылық көмек ұйымдастырылып, жұмыс өз деңгейінде атқарылды. Еліміздің болашағы – балалар демекші, болашағымыздың саналы болу үшін қолдан келгенше көмек жалғасуда. Осындай іс – шараға ат салысқан ізгі жандарымыздың игі істері, қамқорлығы жалғасын табатынына сенімдіміз. Көмек қолын созған мейірімді адамдарға алғысымыз шексіз. Еңбекте істері өрге бассын демекпіз!

-Қамқоршылық кеңестің атқарған жұмыстарына тоқталатын болсақ, мектебімізде «Мектепке жол» акциясы өтті. Республика көлемінде өтіп жатқан « Мектепке жол » акциясына қатысып, көптің алғысын алып, құрметке бөленіп жүрген азаматтардың бары көңіл қуантады. « Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын » - демекші, олардың есімдерін атап кеткенді жөн көріп отырмыз. Акция барысында «Березовая роцца» демалыс үйінің басшысы 15000 мың теңгеге 5-сынып оқушысы Макенова Аружанға спорттық аяқ киім, 5-сынып оқушысы Қылышбекова Ділнәзға сөмке, кеңсе заттарын 15000 мыңға әперді, жеке кәсіпкерлер Олжатай Нұрбол 16000 теңгеге 3-сынып оқушысы Жексенбенов Мұхамеджанға спорттық киім, аяқ киім алып берді. Жеке кәсіпкер Мапитова Рымгүл Камаловна Қайратов Асылға қысқы етік 5000 мың теңгеге және 11-сынып оқушысы Ахмет Нұрболға кеңсе заттар алып берді. Олжатай Гүльмира Олжатайқызы 7-сынып оқушысы Бекбаев Диас оқушымызға 20000 мың теңгеге спорттық киім, сөмке, кеңсе заттар берді. Жеке кәсіпкер Бакенов Тайжан Тұрғынұлы 10000 мың теңгеге Тоқберген Мансұр оқушымызға спорт киім, кроссовки әперді. Славян орталығы 8 оқушыны 16000 мың теңге көлемінде ақшаға кеңсе заттарымен қамтамасыз етті. Бұл іс-шарадан мектеп ұстаздары да тыс қалып қоймады, атап айтсақ Сушкова А.А 18000 мың теңгеге Шаханов

Елнарға спорттық киім, туфли, Кошанов Қ.Т Баймуканова Сабинаға 2000 мың теңгені көмек ретінде ақшалай өзіне берді, ал Алдамжарова Т.С Қалым Мадинаға 5000 теңгеге кроссовки, Кошанова Қ.С 3500 теңгеге бір оқушыға сөмке, Тусупбаев Е.Р 5000 Қалым Мадинаға оқу құралдарын әперді. Жаппай білім қорынан 6 оқушыға көмек берілді.

Сонымен қатар «Жаңа 2020 жыл» мерекесі қарсаңында ата-ана қамқорлығынан айырылған, аз қамтылған, мүгедек оқушыларға 50 дана жаңа жылдық кәмпиттерге толы сыйлық табысталды. Демеуші болған Кадырбекова Асел, Индира-5000 мың, Исембекова А-5000 мың, Смайлов Кажат -10000 мың, Асрыстанбеков Еркін-2000 мың, Сарбасов А-5000 мың, Қ. Жұлдыз-5000 мың, Тұрлыбаева А-3000 мың, Смагулов Т.Ы-20000 мың, Алдамжарова Т-5000 мың, Бакенов Т-5000 мың және кәмпит, Сембек А-10000мың, Сапарғалиев С-5000 мың, Садыкова Б.Е-5000 мың, Олжатай Г.О-5000 мың Жаминова Р-5000 мың, Рымжан Татовна 2 кг кәмпит, Қырықбаева С-2 кг кәмпит. Барлығы 95000 мың теңгеге Аяз атаның қабына және сыйлықтарға осы көлемде сыйлықтар алынып беріліп табысталды. Осы сыйлықтарды алуға арнайы комиссия құрылды, құрамында қамқоршылық кеңес мүшелері, ата-ана тарапынан 2 ата-анамыз бар.

2. Жакупова Самал Кадетовна . – қамқоршылық кеңес мүшесі:

-Мектеп жұмысына әкімшілік тарапынан бақылау ұйымдастырылған. Оқушыларды біліммен, тәрбиемен қамту дұрыс жолға қойылған. Мектепте әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан аз қамтамасыз етілген оқушылардың барлығы 45 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылған. Бастауыш буын оқушылары жаппай тегін ыстық тамақ ішеді. Асханада мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер кезекшілік жасайды. Ыстық тамақтың берілуін, сапасын және асхананың санитарлық жағдайын мектеп медбикесі үнемі бақылауда ұстайды. Мектепте қыркүйек айында «Отбасы күніне» орай фестиваль ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өтті. Қазан айында «Қамқоршы күні» мерекесі аталып өтті. Бұл шараның негізгі мақсаты – ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларды тәрбиелеу міндеті жүктелген қамқоршыларды қолдау болып табылады. «Бақытты балалық шақ» атты оқушылардың жеке фотогалереясы өтті. «Мейірімі мол жандар» атты әдеби – сазды бағдарламаны мектебіміздің директоры Төлеутаев Дүйсенбек Байронұлы құттықтау сөзімен ашты. Бағдарлама барысында ән, би, мәнерлеп оқудан мектеп оқушыларының өнерлерін тамашалады. Жүрегі мейірімге толы, жүзі қуанышқа толы жандарымыз көп болсын деген тілекпен, мереке соңында мектеп директоры қамқоршыларға алғыс хат және 5000 теңгенің көлемінде сыйлықтар беріп марапаттады. Осы мектепте өтетін тәрбиелік шараларға, байқауларға, зияткерлік ойындарға үнемі қатысып жүреміз.

Қамқоршылық кеңесі отырысының шешімі:

1. «Қамқоршылық кеңесі» жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Демеушілер мен меценаттарға қатынас хаттар таратылып, жұмыс күшейтілсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:



Г.О. Олжатай

Хатшы:



Л.Т.Абишева